

**«Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім беру оқу-әдістемелік  
орталығының облыстық «Жас кемеңгер» оқу мектебінің тапсырмалары  
2021-2022 оқу жылы**

**Қазақ тілі**

**I тур**

**I кезең**

**5 сынып**

**1- тапсырма. Ертегіні оқындар. Тапсырмаларын орындаңдар.**

**Еңбек жұтатпайды**

Бір шалдың төрт ұлы болыпты. Бір күні шал ұлдарын жинап алып:

– Мен қартайдым. Біреуіңнің үй иесі болатын уақыттарың жетті. Кімнің ақылы байлығына сай болса, сол мұрагерім болады. Әрқайсысың маған байлықтарың мен ақылдарыңды көрсетулерің керек, – дейді.

Үлкен ұлы асыл тас салған жүзігінің көзін көрсетіп:

– Міне – менің байлығым. Ал кім бай болса, сол ақылды, – дейді.

Екінші ұлы асыл киімдерін киіп, әдеміленіп келеді де:

– Мені осы түрімде көргендер ақылым мен байлығымның алдында бас иеді, – дейді.

Үшінші ұлы күміспен және алтынмен апталған белдігін буынады да:

– Мұндай белдікті ешкім, ешқашан буынып көрген емес, – дейді.

Әкесі үлкен балаларына қарап, басын шайқайды да, ең кіші ұлына бұрылып:

– Сен неге үндемейсің? Сен қандай байлығыңмен мақтанасың? – дейді. Сонда кенжесі:

– Менде асыл тасты жүзік те, сәнді киім де, алтын-күміспен апталған белдік те жоқ. Тек жұмысқа жарамды екі қолым бар, қайрат-жігерге толы жүрегім бар, – дейді.

Шалға кенже баласының тапқыр да ойлы сөзі ұнайды.

– Жұмыс істей білген адам жұтамайды, – деп, өзінің кенже ұлын үй шаруасын басқаруға мұрагерлікке атайды.

Үлкен балаларына інісінің айтқанынан шықпай, талабын орындауды өсиет етеді.

**Тапсырмалар**

1. Ертегідегі кейіпкерлерге мінездеме беріңдер.
2. Балаларын әкесі неге және қалай сынады?
3. Әкелеріне неге үшінші ұлының жауабы ұнады?
4. Байлықты үшінші ұлы еңбекте деп атады. Сен байлық әкелер тағы қандай жақсы қасиеттер бар деп ойлайсың?
5. Әкелері үлкен екі ағаларына кіші інісін тыңдауды өсиет етті. Неге?
6. Екі ағасы кіші інілерін тыңдап, әкелерінің өсиетін орындайды деп

ойлайсындар ма? Кіші інісі ағаларын тыңдата ала ма?

7. Отбасында ата-аналарың айтқан ақылды тыңдап, барлығын орындай аласындар ма?

2. Кестені толтырындар. Кейіпкерлерге мінездемені салыстыру әдісімен кестеге түсіріңдер.

Кейіпкерлері	Ақсақал	Үлкен ұлы	Ортаншысы	Кенжесі

3. Эссе

**Отбасы: мұрагерлік, ата-ана парызы, балалар міндеті дегенді қалай түсінісіңдер?» 100 сөз**

